

Мәслихаттың 2014 жылғы 27 ақпандағы № 205 "Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2020 жылғы 4 маусымдағы № 448 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 маусымда № 9257 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 53 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 14.09.2023 № 53 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Федоров аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидасын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 27 ақпандағы № 205 шешіміне (2014 жылғы 24 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4569 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Федоров аудандық мәслихатының хатшысы*

*О. Ковалева*

*Б. Исенгазин*

Федоров

аудандық мәслихатының  
2020 жылғы 4 маусымдағы  
№ 448 шешіміне  
қосымша

**Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің жергілікті  
қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің ауыл тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Чистый Чандак ауылының тұрғындарына	39
Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Қамысты Шаңдак ауылының тұрғындарына	12
Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Северное ауылының тұрғындарына	4
Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Алаботалы ауылының тұрғындарына	11
Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Мирное ауылының тұрғындарына	10
Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Дорожное ауылының тұрғындарына	7
Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Крамское ауылының тұрғындарына	4